



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

№ исх: 11-11/3112 дз от: 08.07.2022
№ вх: 2687//11-11/3112дз от: 08.07.2022

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2022 жылғы 2 маусымдағы
№ 16-13-134 Д/С*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңгерімсіздікті төмендету мақсатында бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі сауалыңызға қатысты мынаны хабарлаймын.

I – әдіснамалық тәсілдер бойынша:

Облигациялық қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені өтеу мүмкіндігін қарастыруға қатысты (пайыздық мөлшерлеме 0,35 %-дан 4,25 %-ға дейін өсті).

Ағымдағы жылы «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңынаң жобасы (бұдан әрі – 2023 – 2025 жылдарға арналған ЖСТ туралы заң жобасы) әзірленуде.

Жалпы сипаттағы трансферттерді (ЖСТ) есептеу кезінде ЖСТ есептеу әдістемесіне¹ сәйкес жергілікті бюджеттердің шығыстарында Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының² бағдарламасы шеңберінде тартылған облигациялық қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге арналған шығындар ескерілетін болады.

Сонымен қатар, Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға

¹ «Жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптар әдістемесін бекіту туралы» ҚР ҰЭМ-нің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 139 бұйрығы

² «Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө өкімі

арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы³ аясында жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) тұрғын үй (пәтерлер) құрылысын қаржыландыру үшін тартылған облигациялық қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төлейді.

Сондай-ақ ЖАО Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен келісу бойынша ЖАО бюджеттері борышының лимиттері шеңберінде тұрғын үй құрылысына облигациялық қарыздар көлемін шығаруды жоспарлауды жүзеге асырады.

Осылайша, ЖАО облигацияларына қызмет көрсету және өтеу сомасы олардың шығарылу көлеміне тікелей байланысты екенін ескере отырып, борыштық жүктемені реттеу үшін ЖАО облигацияларды тиісті жергілікті бюджеттің мүмкіндіктеріне қарай шығаруды жоспарлауы қажет.

Сонымен қатар, Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шығарылатын облигациялық қарыздардың пайыздық мөлшерлемесін 0,35 %-дан 4,25 %-ға дейін арттыру туралы шешімді 2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі⁴ қабылдады.

Бұған қоса, бюджет заңнамасына сәйкес Үкімет пен ЖАО бір-бірінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және борышты өтеу/қызмет көрсету тиісті бюджеттен жүргізілуге тиіс, осыған байланысты республикалық бюджеттен ЖАО облигациялық қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлемені өтеу мүмкін емес.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджетті жоспарлау және нақтылау кезінде күтпеген шығындарға жатпайтын іс-шараларға Үкімет резервінен ақша бөлу практикасын алып тастау мақсатында жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуға әкеп соғатын НҚА қабылдауға байланысты шығыстарды нысаналы трансферттерде ескеруге қатысты.

Бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлықты⁵ іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 3-тармағында мерзімдерді және кезеңдерді екі есе жалпы қысқарта отырып, бюджет процесінің кешенді реинжинирингін қамтамасыз ету көзделген.

Осы тармақты іске асыру үшін жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін талдауды Бюджет кодексіне, қаржыландыру көзі мен қосымша шығыстарды талап ететін НҚА қабылдау мерзімін көрсетуді көздейтін түзетулер енгізу қарастырылуда.

2017–2019, 2020–2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттерді талдау жүргізу арқылы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілмеген шығындарды ескеруге қатысты.

Ағымдағы жылы 2023 – 2025 жылдарға арналған ЖСТ туралы заң жобасы

³ «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысы

⁴ ҚР Ұлттық қорын басқару кеңесінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 21-01-9.5 хаттамасы

⁵ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы

әзірленуде.

ЖСТ есептеу әдістемесіне сәйкес ЖСТ есептеу кезінде Республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша жергілікті бюджеттердің шығыс базасына бұрын республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар барынша көп берілетін болады.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында бюджетаралық қатынастарды түбегейлі және кешенді реформалау бойынша берген тапсырмасын орындау үшін Бюджет кодексіне тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының ЖСТ есептеу кезінде қабылданған көрсеткіштерге, жергілікті бюджет базасына енгізілген нысаналы трансферттерге және республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы ЖСТ көлемі туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемдеріне бюджеттік мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуі бойынша нормалар көзделеді.

Бюджеттік субвенцияларды мониторингтеу тетігінің күшін жою жөніндегі мәселені қарастыруға қатысты.

2020 жылдан бастап бюджеттік субвенцияларды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында әрбір функционалдық топ және кіші топ бойынша тиісті мониторинг жүргізілуде.

Сонымен қатар, бюджеттік субвенцияларды мониторингтеу қазынашылық органдарында өңделетін қаржылық құжаттардың санын, Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне, қазынашылық органдарының, ЖАО қаржы қызметтерінің жұмыскерлеріне, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне түсетін жүктемені едәуір арттырды.

Қазіргі уақытта осы жүктемелерді есепке алып, өңірлердің ұсыныстарын ескере келе және бюджет процесін оңайлату үшін бюджеттік субвенцияларды мониторингтеу тетігінің оңтайландыру мүмкіндігі пысықталуда.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап білім беру саласы бойынша шығыстарды аудандық деңгейден облыстық деңгейге берудің орындылығын қарастыруға қатысты.

Мемлекет басшысы 2019 жылғы халыққа Жолдауында⁶ білім беру саласында өңірлердегі қолданыстағы басқару жүйесінің біркелкі қаржыландырылмауына және тиімсіздігіне байланысты проблемалардың бар екенін, сондай-ақ білім беру мекемелерін басқару және бюджеттік әкімшілендіру функцияларын аудандық деңгейден облыстық деңгейге көшіру қажеттігін атап өтті.

Облыстың білім беру ұйымдарымен тікелей жұмыс істеу бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, білім басқармасы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік көмек пен басқару әрекеттерін күшейтті.

Сатылас басқару да тиімді жоспарлауды ұйымдастыру және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін қаржы қаражатын әрбір өңірдің

⁶ Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы

қажеттіліктері бойынша жоспарлауға және бөлуге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, практика көрсетіп отырғандай, облыстық деңгейге көшу қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің заңдық және қаржылық тәртібін арттыруға оң әсерін тигізді, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ бір облыс шеңберінде әртүрлі аудандар арасындағы білім берудегі айырмашылықты жоюға, білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға алып келді.

Сонымен қатар, Жарлықпен⁷ 2019 жылы білім бөлімдерін басқару және білім беру саласының бюджет қаражатын әкімшілендіру функцияларын қалалық және аудандық деңгейден облыстық деңгейге қайта бөлу тапсырылды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, кредиттеу және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарын басқару және бюджеттік әкімшіл ендіру функциялары аудандық деңгейден облыстық деңгейге ауыстырылды, осыған байланысты білім беру процесінің сапасын бақылауды (*білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру, педагог кадрлармен қамтамасыз ету және т.б.*) және білім беру ортасын қамтамасыз етуді (*білім беру объектілерін күтіп-ұстау, салу, күрделі және ағымдағы жөндеу, оқушылардың қауіпсіздігін, тасымалын және тамақтануын қамтамасыз ету*) облыстардың білім басқармалары жүзеге асырады. Аудандық білім бөлімдері облыстардың білім басқармаларының құрылымдық бөлімшелері болып табылады, оларға есеп береді және олардың бақылауында.

Облыстық бюджеттерді бекіту процесін оңайлату мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өңірлік департаменттерінен өткізу арқылы келісу және тіркеуге жіберу рәсімін қысқарту мүмкіндігін қарастыруға қатысты.

Бүгінгі күні Бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлықты⁸ (бұдан әрі – Жарлық) іске асыру бойынша жүргізілетін шаралар шеңберінде НҚА санын, мерзімдерін, қабылдау кезеңдерін оңтайландыру жоспарлануда.

Мәселен, Жарлықты іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2-тармағына сәйкес өзекті сын-тегеуріндерге, форс-мажорлық мән-жайларға және дағдарыстық жағдайларға жедел ден қою үшін НҚА-ны, оның ішінде мемлекеттік тіркеусіз қабылдаудың ерекше тәртібін енгізуге бағытталған іс-шаралар көзделген.

Осыған байланысты әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын НҚА тізбесін мынадай: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін бекіту туралы; төтенше жағдайды, шектеу іс-шараларын және карантинді жариялау туралы; әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы актілермен кеңейту, сондай-ақ заңға тәуелді НҚА жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен, Ұлттық кәсіпкерлер

⁷ «Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығы

⁸ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы

палатасымен, сараптамалық және қоғамдық кеңестермен қатар келісуді енгізу арқылы НҚА жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісу мерзімін қысқарту жоспарлануда.

Осылайша, бұл ұсыныс Жарлықты орындау үшін жүргізілетін жұмыс шеңберінде іске асырылатын болады.

II – 4-деңгейдегі бюджет кірістерінің меншікті көздерін кеңейту бойынша:

Ауылдық округтің бюджетіне 30 пайызды және облыстық бюджетке 70 пайызды бөлу нормативіне және: өндірістердің қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді, жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған аударымдарын, қоршаған ортаны ластағаны үшін айыппұлдар түсімдерін және ауылдық округтің учаскелік полицейлері салатын айыппұлды ауылдық округтің бюджетіне беруге қатысты.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджет процесінде облыстық бюджеттің аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерімен өзара қарым-қатынасына жол берілмейді⁹.

Бұдан басқа, бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктер аражігінің айқын ажыратылуына, республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасында түсімдер мен шығыстардың біркелкі бөлінуіне, сондай-ақ бюджетаралық трансферттерді айқындау әдістерінің бірлігі мен ашықтығына негізделген.

Экология кодексіне сәйкес қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша түсімдер жоспарын уәкілетті орган бекітетін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға толығымен жіберіледі¹⁰, осыған байланысты бұл төлем 4-ші деңгейдегі бюджетке берілуге жатпайды.

Сонымен қатар, бюджеттің 4-ші деңгейінің қаржылық мүмкіндіктерін күшейте отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды (бұдан әрі – ЖӨБ) нығайту жалғасуда.

Ауылдық округ әкімі меншік иелерінің жер учаскелерін ұтымды және мақсатты пайдалануы үшін жауаптылықта болатынын ескере отырып, 2022 жылдан бастап бірыңғай жер салығы, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер және жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы бюджеттің төртінші деңгейіне берілді.

ЖӨБ дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде бюджеттің 4-деңгейінің жоғары тұрған деңгейден қаржылық тәуелділігін төмендету көзделген.

Тұжырымдамада 2024 жылдан бастап ауылдық бюджеттерге қосымша салықтар мен төлемдерді *(су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы; жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым; жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы (алкоголь өнімін сақтау*

⁹ Бюджет кодексінің 42-бабының 2-тармағы

¹⁰ Экология кодексінің 29-бабы

және өткізу бойынша) беру көзделген.

Осылайша, қолданыстағы кіріс көздері түсімдердің қосымша түрлерін бюджеттің 4-ші деңгейіне беру арқылы ұлғаяды.

Сонымен қатар, ауылдық округтің учаскелік полицейлері салатын айыппұлды ауылдық округтің бюджетіне беру жергілікті бюджеттің 4-ші деңгейі кіріс бөлігінің нығаюына қарай одан әрі қаралатын болады.

Шетелден (Ресей, Армения, Грузия, Қырғызстан) келген автокөлік құралдарына Қазақстан Республикада толық ресімделгенге дейін сол жерде уақытша тіркей отырып салық салу мүмкіндігін қарастыруға қатысты.

Салық заңнамасына сәйкес тіркемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында тіркелген және (немесе) есепте тұрған көлік құралдары көлік құралдарына салық салу объектілері болып табылады.

Осылайша, шетелден келген көлік құралдарын есепке қою мәселесі кезек күттірмейтін мәселе болып табылады деп есептейміз.

Бұл ретте, Үкімет ел аумағына шетелдік автомобильдерді әкелуді және пайдалануды шектеуге бағытталған тетіктерді әзірлеу және басқа да ілеспе мәселелер бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын хабарлаймыз.

Осыған байланысты көрші елдерден (Ресей, Армения, Грузия, Қырғызстан) келген автокөлік құралдарына толық ресімделгенге дейін сол жерде уақытша тіркей отырып салық салу мәселесін қарастыруды мезгілінен бұрын деп санаймыз.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабына өзгерістер енгізе отырып, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік сатып алу тәртібін оңайлату мүмкіндігін қарастыруға қатысты.

Бюджеттің 4-ші деңгейі үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібін оңайлату мақсатында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа Жолдауын орындау¹¹ үшін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының шеңберінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ЖӨБ үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктерін енгізу бөлігінде түзетулер әзірленді.

Осы заң жобасының шеңберінде мемлекеттік сатып алуды икемді реттеуді қамтамасыз ету үшін ЖӨБ органдары үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жекелеген қағидаларын әзірлеу ұсынылады.

Қағидаларда ЖӨБ үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай екі тәсілін көздеу жоспарлануда:

- ЖӨБ өкілді органымен міндетті түрде келісе отырып, 4 000 АЕК дейін баға ұсыныстарын сұрату (*өткізу мерзімі күнтізбелік 7 күн*);
- конкурс 4 000 АЕК-тен басталады (*күнтізбелік 25 күн*).

Осылайша, ЖӨБ деңгейінде сатып алу тәртібін оңайлатуға мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері мен тәсілдерін қысқарту есебінен қол жеткізілетін болады.

¹¹ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 30-тармағы

Тізім

1. С. ТРҰМОВ
2. С. МӘКЕЖАНОВ
3. Н. БЕКЕНОВ
4. Ғ. ДҮЙСЕМБАЕВ
5. С. КАРПЛЮК
6. Ж. НҰРҒАЛИЕВ
7. Б. ОРЫНБЕКОВ
8. Б. ШЕЛПЕКОВ
9. Д. МУСИН